# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№74 (20547)

18 мамыр, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz


ПРЕЗИДЕНТ



## «БІЗДІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫМЫЗ МЫЗҒЫМАС ДОСТЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН»

Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен келген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты Құрмет қарауылы салтанатпен сап түзеп қарсы алды. Содан кейін екі ел басшылары бір-біріне ілтипат білдіріп, келіссөз залына қарай өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев ең алдымен, мемлекеттік сапармен келуге шақырып, құрметпен қарсы алғаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге шынайы ризашылығын білдірді. Сондай-ақ оны Қытай Халық Республикасының Төрағасы лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

– Қазақстан үшін Қытай Халық Республикасының орны ерекше. Біздің ынтымақтастығымыз мызғымас достыққа және өзара қолдауға негізделген. Екіжақты қарым-қатынасты жандандыру жолындағы мақсатымыз ортақ. Аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті, өзара ықпалдастықты нығайтуды көздейтін мұратымыз да бір. Біз үшін Қытаймен мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі дамыту өте маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің өзара қарым-қатынасты дамытуға қосқан өлшеусіз үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді. Сондай-ақ екі елдің ынтымақтастығын жаңа белеске көтеру үшін бар күш-жігерін жұмылдыруға дайын екенін атап өтіп, бүгінгі келіссөздер екіжақты ықпалдастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық ілтипат білдіріп, 70 жас мерейтойымен құттықтады.

– Осындай айтулы күні Сіз Қытайға мемлекеттік сапармен келіп отырсыз. Бұл біздің екіжақты ынтымақтастығымыздың жоғары деңгейде екенін көрсетеді және Қытаймен тығыз байланыстарыңызды тағы да растайды. Қытай мен Қазақстан қытай-қазақ қатынастарының жаңа «алтын 30 жылдығына» қадам басты. Біздің елдеріміз достық, өзара қолдау дәстүрін дамытып, тиімді ынтымақтастықты тереңдетуі қажет, – деді ҚХР Төрағасы.

Кездесу барысында тараптар екі елдің сауда-экономика, мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, білім және ғылым, қаржы салаларындағы жан-жақты ынтымақтастығын дамыту, көлік-транзит әлеуетін арттыру мәселелерін талқылады. Сондай-ақ олар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Келіссөздерден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Сондай-ақ екі ел делегациясы мүшелерінің бірқатар маңызды құжатқа қол қою рәсімі өтті.

САПАР

## ӘРБІР ШЕШІМ ХАЛЫҚТЫҢ МҮДДЕСІ ҮШІН

Сейсенбі, сәрсенбі күндері облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құқық қорғау органдары басшыларымен бірге жұмыс сапарымен Арал, Қазалы, Қармақшы және Жалағаш ауданында болды. Сапардың басты мақсаты – Президенттің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығы аясында жергілікті тұрғындармен жүздесу. Сондай-ақ аудандарда тұрғындарды жеке қабылдау өткізілді.

**Ержан ҚОЖАС,**
**«Сыр бойы»**



### КӨПТІҢ КҮТКЕН ЖАҢА КӨПІРІ

Алдымен Арал ауданында болған облыс басшысы теміржолдан өтетін жаңа көпірдің іргетасын қалау рәсіміне қатысты. Ұзақ жылдан бері шешімін таппаған мәселе – осы көпір болатын. Аралдық ағайынды қуантқан жобаға тілектестік білдіріп, мұның үлкен жетістік әрі зор қуаныш екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Аса маңызды мәселелердің бірі – ауылды кешенді түрде дамыту. Ауылдарға нақты қолдау көрсетіп, инфрақұрылымды дамытуымыз керек» деген болатын. Президентіміз бен Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймағымызда ауқымды жобалар жүзеге асуда. Ерекше атап өтуіміз қажет, биыл облыс бюджеті 520,7 млрд теңге болып бекітілген еді. Сәуір айындағы нақтылаудан кейін оның көлемі 593 млрд теңгеге ұлғайды. Бұл былтырғы бюджет көлемімен салыстырғанда 230 млрд теңгеге немесе 1,7 есеге артық. Оның ішінде Арал ауданының бюджеті 18,4 млрд теңгеге жетті. Осы ауқымды қаражат ең өзекті деген мәселелерді шешуге, облыс тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға жұмсалады, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Аталған шарада Арал ауданының Құрметті азаматы Кішкене Айбосынов өз жерлестерін көпір құрылысының басталуымен құттықтап, ақ тілегін жеткізді.

Бұған дейін көлік кептелісін тудырып келген өткел енді аспалы көпірге айналады. Бірнеше шақырымға дейін автокөлік кептелісін жасайтын мәселе шешіледі. Арал қаласын бөліп жатқан теміржолдың бергі бетінде 17 мың, арғы бетінде 20 мыңдай халық қоныстанған. Жалғыз өткел осы болғандықтан, кейде жедел жәрдем мен өрт сөндіру техникалары да межелі жеріне уақытылы жете алмайтын.

Нысанға республикалық және жергілікті бюджеттен қаржы бөлінген. Мердігер мекеме «РИТМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылыс жұмыстарын екі жыл ішінде аяқтайды. Жалпы құны 3 млрд теңгеден асатын көпірдің ұзындығы бір шақырымға жуықтамақ. Сондай-ақ екі жағынан қосымша жаяу жүргіншілер жолы мен түнгі жарық шамдары қарастырылған.

Аталған құрылыс нысанынан соң облыс әкімі Арал ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңейтілген мәжіліске қатысып, түйткілді мәселелер мен маңызды міндеттерді талқылады. Аймақ басшысы былтырдан бері Президент Жарлығы бойынша халықпен кездесу ұйымдастырып, түрлі өзекті мәселелер бойынша тұрақты түрде қоғамдық қабылдау өткізіп келеді. Бұл жиында да Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасында көрініс тапқан азаматтар табысын арттырып, өмір сапасын жақсартуға баса назар аудару туралы тапсырмасын еске салды.

2-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

## ТӨРТ АЙДАҒЫ ӨСІМ ҮКІМЕТТЕ АЙТЫЛДЫ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2023 жылғы қаңтар-сәуір айлары аралығындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары қаралды.

Үкімет басшысы есепті мерзімде барлық макрокөрсеткіштер бойынша өсім тіркелген өңірлерді атап өтіп, оның ішінде Қызылорда облысында оң динамика қалыптасқанын айтты.

«Төрт айдың қорытындысы бойынша Абай, Жетісу, Ұлытау, Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облысы мен Астана қаласында барлық макрокөрсеткіштердің өсімі тіркеліп отыр», – деді Әлихан Асханұлы.

Ұлттық экономика министрі өз баяндамасында экономиканың барлық салаларында оң өзгерістер болғанын атап өтіп, әсіресе құрылыс жұмыстары мен инвестиция тарту бойынша өсім қалыптасқанын айтты.

«Экономиканың барлық салаларында оң динамика байқалуда, оның ішінде құрылыс, сауда, ақпарат және байланыс салаларында ең жоғары өсім тіркелді. Өңірлер арасында Түркістан, Маңғыстау, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында жоғары көрсеткіш қалыптасты», – деді министр.

Айта кетейік, 2023 жылдың алғашқы 4 айында негізгі капиталға салынған инвестициялар мен құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша Қызылорда облысы жоғары өсу қарқынын көрсетуде.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов жиын өткізіп, Премьер-министр қойған міндеттер бойынша бірқатар тапсырма берді.

Қазіргі таңда аймақта даму көрсеткіштері бойынша ілгерілеу орын алғанымен, әрі қарай қарқынды жұмыс жүргізу қажеттігін атап өтті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУ

## БӘСІ БИІК БІЛІМ БӘЙГЕСІ



Өркениет көкжиегінде көк туымыз биік желбіреу үшін білім мен біліктің діңгегі нық болуы керек. Сол үшін де Қызылорда қаласында жас математик мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен білім алушылардың қабілетін дамыту мақсатында Асқар Жұмаділдаев атындағы жас математиктер арасындағы халықаралық байқау биыл екінші рет ұйымдастырылып отыр. Осы тұста Алаш зиялыларының «Құр мақтанмен, той-думанмен жарысқанша, біліммен, ғылыммен жарыс» деген өсиеті ойға оралады.

**Айдар САЙЛАУОВ,**
**«Сыр бойы»**

– Ел жастары қашан да қайсарлығымен, белсенділігімен жарқын болашаққа ұмтылуға құштарлығы арқылы артылған сенім үдесінен шығып келеді.

Біз үшін мемлекеттік жастар саясатын дамыту, жастардың ғылымға деген ынтасын арттыру – негізгі бағыттардың бірі. Өткізіліп отырған халықаралық байқау – осы сөзімнің бір дәлелі, – деді облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Аманұлы.

16-17 мамыр аралығында өткізілген білім додасына еліміздің барлық аймақтары мен көршілес Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан республикаларынан 18 бен 28 жас аралығындағы жас математиктер қатысты. Байқауға 1700-ден аса үміткерден өтінім тіркеліп, ең мықты деп іріктеліп алынған 100 қатысушы бақ сынады.

3-бет


БАСПАСӨЗ – 2023

Құрметті оқырман

2023 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін:
6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге.




НАРЫҚ

## АҚШ-тағы БАНКТЕР ДАҒДАРЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Әлемдік БАҚ АҚШ-тағы банктер дағдарысы мен ықтимал дефолт туралы жарыса жазуда. АҚШ-тың мемлекеттік қарызын төлей алмауы басқа елдердің экономикасына қауіп төндіруі мүмкін бе? АҚШ президенті Джо Байден «дефолт болса, бүкіл әлемге қиын болады» деп мәлімдеме жасады. Айтуынша, дефолттан ел экономикасы рецессияға түсіп, мемлекет беделіне нұқсан келеді.

**Биболат СӘТЖАН,**
**«Сыр бойы»**







Өткен айда АҚШ Конгресінің төменгі палатасы мемлекеттік қарыз шегін тағы 1,5 трлн долларға көтеріп, бюджеттің шығындарын азайту туралы заң жобасын қабылдаған. Алайда демократтар басқарып отырған Сенат оны мақұлдамай қойды. Егер республикашылар мен демократтар бір мәмілеге келе алмаса, 1 маусымда дефолт жариялануы мүмкін екенін Құрама штаттардың Қаржы министрі бірнеше рет ескертті.

3-бет

# ӘРБІР ШЕШІМ ХАЛЫҚТЫҢ МҮДДЕСІ ҮШІН

– Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасында айтылғандай, тұрғындардың мұң-мұқтажын тыңдап, мәселелерін шешу әкімдер атқаратын жұмыс нәтижесімен тікелей байланысты болмақ. Бұл бағытта облыста тиісті шаралар қабылданып, нақты жұмыстар атқарылуда. Оның ішінде Арал ауданында да оң өзгерістер бар. Былтыр аудандар мен Қызылорда қаласы бөлінісіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша Арал ауданының өсу динамикасы тұрақты деңгейде сақталды. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 16,7 млрд теңгені құрап, бюджет қаражатына деген тәуелділік төмендеді. Ауданның өз кірісі биыл 3,2 млрд теңгеге өскен. Сонымен бірге, жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің, құрылыс көлемінің артуы есебінен жоғары көрсеткіштерге қол жеткен. Арал ауданы аудандар бөлінісінде бірінші орында. Бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жүйелі түрде жалғастыру қажет, – деді облыс әкімі.

Айтпақшы, аймақ басшысы ескерткен бір дүние бар. Батыстағы ірі ауданның бірі саналатын Аралда



«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 4 тірек елді мекен ғана тіркеліпті. Жиында әкім облыстық экономика және қаржы басқармасымен бірлесіп, қосымша 3 елді мекенді тірек ауылдар қатарына енгізуді тапсырды. Бұған қосымша «Ауыл аманаты» жобасы бойынша барлық аудан әкімдеріне кемінде 2 млрд теңгеге жоба ұсыну міндеттелгенмен, жұмыс қарқыны төмен екендігін ескертті.

Мәжілісте өнім өндіруге, қызмет көрсетуге бағытталған жобаларды қаржыландыруға басымдық беру, кәсіпкерлікті дамытып, жұмыссыздық мәселесін шешу, азық-түлік өнімдерін өндіру, баға тұрақтылығын сақтауға қатысты сөз қозғалып, тиісті басшыларға тапсырма берілді. Бұдан басқа былтыр аудандағы барлық ауылдық округтерде қылмыс көрсеткіші өскені айтылып, аудандық полиция бөлімінің бастығы Н.Шегебаевқа бір ай ішінде қылмысты ашу, оның алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылдау міндеті жүктелді.

Екіншіден, аудандағы Қамбаш көлінің туристік әлеуеті, артықшылығы әлі де ескерусіз қалып келеді. Аймақ басшысы алдағы оқушылардың жазғы демалысы және суға шомылу маусымында қауіпсіздікті барынша күшейтуді тапсырды. Облыстық білім басқармасы, төтенше жағдайлар департаменті, қала, кент және ауылдық округ әкімдері осы бастан ата-аналармен, балалармен, ауыл тұрғындарымен түсіндірме жұмыстарын күшейтілген режимде жүргізуі керектігін тағы бір нақтылады.

Облыс әкімі құқық қорғау органдары басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдады.

Қабылдауға барлығы 100-ге жуық азамат келіп, өтініш-тілектерін жеткізді. Тұрғындар көтерген мәселелер негізінен баспана алуға, денсаулық, білім салаларына, жұмысқа орналасуға, т.б. мәселелерге қатысты болды. Ұсыныс-пікірлерді тыңдаған аймақ басшысы жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берді. Қабылдауда көтерілген барлық мәселені шешу жолдары жан-жақты зерттеледі.

Мәселен, Арал ауданының тұрғыны Ақбай Баекеев «ҚазСуШар» мекемесіне қатысты ұсыныс айтты.

– Бүгін облыс әкімінің қабылдауына келдім. Егіс көлемінің артуына байланысты бұрын Арал ауданында су шаруашылығы мекемесі болған. Қазір оның ізі ғана бар. «ҚазСуШардың» аудандық мекемесін қайта құру туралы мәселе қозғадым. Бұл мәселе алдағы уақытта заң аясында қаралып, оң шешім табатынын айтты, – деді ол.

Ал ардагер ұстаз Әлия Мұқалимова ауданға типтік балабақша қажет екенін жеткізді.

Мұнан бөлек, тұрғындар құқық қорғау органдары басшыларының қабылдауында болды. Өздерін толғандырған мәселелердің заң шеңберінде шешім табу жолдары бойынша кеңес алды.

Жеке қабылдаудан кейін аймақ басшысы аудан орталығында салынатын №6 және №5 мөлтек аудандарға инфрақұрылым жүргізу жұмыстарымен танысты.

1-бет

## ӘРБІР АУЫЛДЫҢ ДАМУЫ БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

**Облыс әкімінің жұмыс сапары Қазалы ауданында жалғасты. Әдеттегідей ел-жұртпен кездесу өткізіп, тұрғындармен дидарласты. Жиын барысында ел Президентінің сайлауалды бағдарламасындағы басты міндеттерге тоқталды әрі жауапкершілікті ширату қажетін ескертті.**

– Ауылдық аумақтарды дамыту және тиімділігін арттыру, сондай-ақ ондағы өмір сүру сапасын жақсарту үшін қабылданған шешімді жүзеге асыруымыз керек. Кент және ауылдық округ әкімдері халықтың күнделікті айтып жүрген проблемаларын шешуді көздейтін жобалар дайындап, оны қорғап, жанашырлық танытуы тиіс. Жайбарақаттықты уақыт көтермейді, ауылдың дамуына, көркеюіне жұмыс жасаңыздар. Облыстағы әрбір ауылдың даму перспективасы менің жеке бақылауымда болады. Мұндай көшпелі жиындарды жиі өткізіп, ауыл әкімінің іскерлік қабілеті мен белсенділігін бағамдауды дәстүрге айналдырамыз, – деді жиында облыс әкімі.

Мәжілісте айтылған тағы мәселе – аудандағы өнеркәсіп, өңдеу өнеркәсібі, ауыл, орман және балық шаруашылығы, құрылыс жұмыстарының көлемі, тұрғын үйлерді пайдалануға беру, жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілері салаларындағы көрсеткіштерінің төмендігі. Ал инвестиция, бөлшек сауда көлемі, бюджеттің өз кірістері көлемі өсімінің орындалу деңгейі



орташа. Былтыр мұндағы өнеркәсіп кәсіпорындары 20,2 млрд теңгенің өнімін өндірген, бұл былтырғымен салыстырғанда 23,6 пайызға артқан.

Аймақ басшысы аудан әкімі Мұхтар Оразбаевқа халықтың өмір сүру сапасын жақсарту бағытындағы бірқатар міндеттерді жүктеді. Атап айтқанда, ауданда «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 5 жобаны жүзеге асыруға 1,1 млрд теңге бөлінген. Енді бұл бағыттағы жұмысты жандандыру қажет. Биылдан бастап Президент бастамасымен қолға алынған «Ауыл аманаты» жобасы бойынша да жұмыс қарқыны төмен. Облыс әкімі барлық аудан әкімдеріне кемінде 2 млрд теңгеге жоба ұсыну міндеттелгенін еске салды.

Айтпақшы, бұған дейін ауылдық округ, кент әкімдерінің сол аумақта тұрғылықты тұруы қатаң тапсырылған еді. Соған қарамастан аудан орталығынан қатынап, өзі басқаратын елді мекенде тұрмайтын басшыларға, мәселен, Ғ.Мұратбаев, «Сарыкөл», «Басықара» және «Құмжиек» ауылдық округтерінің әкімдеріне ескерту берілді.

Айта кетейік, кейінгі жылдары Қазалы тұрғындары несие ұйымдарынан алған қаржысының басым бөлігін мал шаруашылығына жұмсаған. Бизнесті қолдау бағдарламалары техника алу, наубайхана, дүкен, шаштараз, тігін цехын ашуға, басқа да өндіріске бағытталған жобаларды қаржыландырады. Аймақ басшысының сөзінше ауыл әкімдері осындай жобаларды да таңдап, кәсіпкерліктің түрлі саласын дамыту керектігі айтылды.

Сондай-ақ жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс. Ал аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатовқа аудандағы қылмыстық ахуалдың алаңдатарлық екені ескертілді. Қалыптасқан жағдайды ардагерлер және қоғамдық кеңестердің отырыстарында талқылап, мән-жайды сараптан өткізсе, бұл келеңсіздіктердің алдын алуға болады.



Қазалыдағы жеке қабылдауға барлығы 70-тен астам азамат келді. Басым көпшілігі баспана алу, денсаулық, білім салаларының, жұмысқа орналасу сынды тілектерін білдірген. Барлық ұсыныс-өтініштер тыңдалып, аймақ басшысы жауапты тұлғаларға әр мәселе бойынша өз тапсырмасын берді. Ал құқық қорғау органдары басшыларының қабылдауына келген тұрғындар да өздерін толғандырған мәселелердің жай-жапсарының заңдық негізі жайлы сауалдарына толыққанды жауап алды.

– Аймақ басшысының ауданымызға жұмыс сапары туралы хабардар болып, қабылдауына жазылдым. Кездесуде «Бозкөл» ауылына типтік жобадағы балабақша қажет екеніне тоқталдым. Облыс әкімі бұл мәселенің алдағы уақытта оң шешім табуына ықпал жасайтынын айтты, – дейді бозкөлдік еңбек ардагері Жанұзақ Келімбет.

Ал кент тұрғыны Айгүл Жұбан тұрақты жұмыс мәселесі бойынша облыс басшысымен тілдесіпті.

– Келінімнің орыс тілі пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша дипломы бар. Бірақ жұмысқа орналаса алмады. Бүгін ауданға жұмыс сапарымен келген облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қабылдауында болып, осы мәселені көтердім. Облыс әкімі тиісті сала басшыларына заңнамаға сәйкес көмек көрсетуді тапсырды, – дейді ол.

Қазалыдағы сапар барысында облыс әкімі жеке қабылдаудан соң аудан орталығындағы «LCI-MK» ЖШС темір-бетон зауытының жұмысымен танысты. Кәсіпорын жылына 10000 текше метр темір-бетон бұйымдарын шығарады. Бүгінде 18, 21, 24 метрлік құрылысқа қажетті балкаларды стандарттарға сәйкес дайындап, республика аумағындағы жол, көпір салуға керекті заттармен қамтамасыз етіп келеді. 70-ке жуық жұмысшысы бар мекеме 2013 жылы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жалпы құны 30 млн теңгені құрайтын «Жоғарғы кернеулі электр бағаналарын шығару» жобасын іске асырған.

## ЖАҢА НЫСАН – ЖАҚСЫ НЫШАН

**Қармақшы ауданына сапарында облыс әкімі алдымен «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында салынған денешынықтыру-сауықтыру кешені ғимаратының ашылу рәсіміне қатысты. Қармақшылықтарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.**

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Денсаулық кепілі – дене шынықтыру. Халықтың спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалуы қажет» деген болатын. Өңірде спорт инфрақұрылымын дамытуға ерекше мән беріліп келеді. Қазіргі таңда облыс бойынша 10 денешынықтыру және спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Оның бірін бүгін пайдалануға берудеміз. Бұдан бөлек, биыл облыс орталығынан құны 6,9 млрд теңгені құрайтын көпсалалы спорт кешенінің құрылысын бастау жоспарланған. Жанашыр жерлестеріміздің, демеуші азаматтарымыздың арқасында аймағымызда көптеген жаңа нысанның құрылысы жүргізілуде, алдағы уақытта да ауқымды жоспарларымыз бар. Жергілікті «Қайсар» футбол клубы үшін заманауи жабық стадион салу жұмыстары демеуші есебінен атқарылуда. Былтыр «Балалар жылы» аясында демеушілер 1,6 млрд теңгенің 80 спорт-ойын алаңын балдырғандарымызға тарту етті, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Салтанатты шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Мереков те жерлестерін құттықтап, ақ батасын берді.

Айта кетейік, жалпы аумағы 1500 шаршы метрден асатын спорт кешенінде тренажер, фитнес және әмбебап зал бар. Мердігер мекеме – «Сапақ» өндірістік кооперативі. Сондай-ақ биыл Қармақшы ауданында бірқатар әлеуметтік нысанның құрылысы басталмақ. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында аймақта осы жылы 10 мектептің құрылысы басталса, оның екеуі осында салынады. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары облыста 27 денсаулық сақтау нысаны бой көтерсе, осы жоба бойынша Дүр Оңғар, Тұрмағанбет, «Ақжар» ауылдарында дәрігерлік амбулатория салыну жоспарланған. Ал «III Интернационал» және Дүр Оңғар ауылдарында спорт кешенінің құрылысы басталады. Бұған қосымша «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде ауданда жалпы құны 580 млн теңгені құрайтын, ұзындығы 17,5 шақырымдық 21 көше орташа жөндеуден өтіп, 225,4 млн теңгеге 24 көше жарықтандырылады. Облыстық бюджет есебінен «Самара-Шымкент» жолынан «Ақжар», Тұрмағанбет, Т.Көмекбаев ауылдарына дейінгі жолдың 27 шақырымы орташа жөндеуден өтеді. Бұл жұмыстарға 503,4 млн теңге қаралған. Т.Көмекбаев, Қармақшы, Алдашбай ахун ауылдарындағы су қабылдайтын құрылғыны қайта жаңғыртуға 774,3 млн теңге бөлінген. Сондай-ақ «Ақай» ауылы мен «Төретам» кентіне 654,5 млн теңгеге газ тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Мұнда да ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңейтілген мәжіліс өткізілді. Ауданға қарасты кент және ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық ахуалы мен даму жоспарлары да қаралды.

– Былтырғы жылдың қорытындысымен аудандар мен Қызылорда қаласы бөлінісіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер рейтингінде Қармақшы ауданы екінші орын алып, жоғары даму динамикасын көрсетті. Өнеркәсіп кәсіпорындары 4,4 млрд теңгенің өнімін өндіріп, өндіріс көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 4,6 пайызға артқан. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 13,3 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш бойынша алдыңғы жылмен салыстырғанда 12 пайыз өсім бар. Биылғы қаңтар-сәуір айларында 2 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 2,6 млрд теңге инвестиция салынған. Дегенмен, проблемалық мәселелер де жеткілікті, – деді аймақ басшысы жиында.

Облыс әкімі сондай-ақ аудан әкімі Жандос Еркінбекұлына халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту, өмір сүру сапасын арттыру үшін бірқатар міндеттер жүктеді. Жиында сөз болғандай, Қармақшыда «Ауыл – ел бесігі» және «Ауыл аманаты» жобаларына елді мекендердің қатысу үлесі төмен. Биыл бағдарламаға 1 кент пен 4 ауылдық округ жоба ұсынып, 1 млрд 353 млн теңгеге қолдау тапқан. Енді осы елді мекендерде спорт кешендері салынып, көшелері жөнделеді. Ал, «Ауыл аманаты» жобасына «Дауылкөл» мен «Жаңажол» ауылдық округтері ғана қатысқан. Облыс әкімі жауапты тұлғаларға аталған бағдарламалардың мүмкіндіктерін пайдаланып, елді мекендердегі өзекті мәселелерді шешу жолдарын табуды міндеттеді. Мұнан бөлек, кәсіпкерлікті қолдау және жұмыссыздықты азайту, кәсіп бастаймын деген азаматтарға қолдау көрсету, жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін бақылау, қылмыспен күрес жөнінде тапсырмалар берілді.

Облыс әкімі ауданда қылмысты ашу көрсеткіші өте төмен екенін қаперге салып, жағдайды жақсарту үшін қажетті іс-шараларды қолға алуды тапсырды. Былтыр кент және ауылдық округтерде 147 қылмыс тіркеліп, 43 пайызы ашылған. Ал жыл басынан бері 31 қылмыс тіркеліпті. Қалыптасқан жағдайға орай аудандық полиция бөлімінің бастығы Бақытбек Жарқынбаевқа қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты күшейту міндеттелді.

Жиын соңында аймақ басшысы жыл қорытындысымен төмен көрсеткіш көрсеткен ауыл әкімдеріне қатысты кадрлық шешім қабылданып, жоғары нәтижеге жеткен әкімдерге ынталандыру шаралары қарастырылатынын да ескертті.

Қармақшыда ұйымдастырылған қоғамдық қабылдауға 60-тан астам азамат келді. Онда білім, денсаулық, жол, жұмысқа орналасу сынды мәселелер талқыланды.

## ӨТКЕЛ – ҚАТЫНАС ӨЗЕГІ

**Кеше сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданына сапарында теміржол өткелінің іргетасын қалау рәсіміне қатысты. Бұл жалағаштықтарды көптен бері толғандырған мәселенің бірі болатын.**

«Кент орталығы мен Дәуімбай елді мекені арасында теміржолдан өтетін жаяу жүргіншілер үшін өткел мәселесі қиындық туғызып келген еді. Теміржолдың бергі бетінде 9 мың, арғы жағында 6 мыңдай халық қоныстанған. Әрине, пойыз қозғалысы өте қауіпті. Халықтың өткел салу туралы сұранысы назарға алынды. Енді екі аралық қатынастың түйіні шешілетін сәт алыс емес», – деді облыс әкімі.

Іс-шара барысында ардагер Жанұзақ Оспан жерлестерін жаңа өткелдің іргетасы қалануымен құттықтады.

Айта кетейік, мердігер «Гүлнұр МК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылыс жұмыстарын 7 ай ішінде аяқтауды жоспарлап отыр. Құны 328,7 млн теңге болатын өткелдің ұзындығы 55 метрді құрайды. Оған қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған шахталық лифт орнатылады.

Осы арада еске сала кеткен жөн. Күні кеше Арал ауданында теміржолдан өтетін көпірдің іргетасы қаланса, облыс орталығындағы Ғ.Мұратбаев және Яссауи көшелерінің қиылысында теміржолдан өтетін жаяу жүргіншілер көпірі салынуда. Оған қоса «Бәйтерек» ықшам ауданында «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін көпір құрылысы жүргізілуде.

Жалағашта облыс әкімі кенттегі М.Шәменов көшесіндегі күрделі жөндеу жұмыстарын көрді. Жоба құны 359,1 млн теңге, мердігер мекеме – «Қызылорда жолдары» ЖШС. Қазіргі таңда көшенің ескі асфальт жабындысы қырылып, тас төселген, жаяу жүргіншілер жолының бордюрлары салынуда.

Биыл ауданның Мырзабай ахун, Есет батыр ауылдарында дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталмақ. Аудандағы автомобиль жолдарының сапасын жақсарту үшін 2023 жылға 2,2 млрд теңге бөлінді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде жалпы құны 559 млн теңгені құрайтын, ұзындығы 9,5 шақырым болатын 6 көше жөндеуден өткізілуде. «Ақсу», М.Шәменов ауылдарына газ тарту жұмыстарын бастауға 40 млн теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу рәсімдері жасалуда. Жобаның жалпы құны 1,2 млрд теңгені құрайды.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңейтілген мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы аудан әкіміне бірқатар тапсырма берді. Олардың ең негізгілері халықтың кәсіппен айналысуына жағдай жасау, әлеуметтік ахуалды жақсарту, ауылдағы өмір сапасын арттыруға байланысты.

Мұнда ауылдың әл-ауқатын арттыруды көздейтін «Ауыл – ел бесігі» және «Ауыл аманаты» жобаларына қатысуға ынта төмен. Биыл бар болғаны 1 кент пен 3 ауылдық округ жоба ұсынған, олар 584,2 млн теңгеге қолдау тапты. Бағдарлама бастау алғалы ауданға қарасты 5 елді мекенге мүлде қаржы қаралмаған. Жұмысты дұрыс ұйымдастырмаған ауылдық округ әкімдерін сынға алған аймақ басшысы оларға алдағы уақытта нәтижеге бағытталған, ауылдың тыныс-тіршілігіне серпін беретін тірлікпен айналысуды міндеттеді. «Ауыл аманаты» жобасына да Жалағаш ауданынан Мырзабай ахун, «Аққұм» және «Таң» ауылдық округтері ғана қатысқан. Осыған орай, облыс әкімі ауыл әкімдеріне барлық мемлекеттік бағдарламаларға азаматтарды қатыстыруды, кемінде бір жобаны қаржыландыруды сүйемелдеу керектігін тапсырды.

Мемлекет ұсынған мүмкіндіктердің тиімділігін, артықшылығын тұрғындарға түсіндіру, ауылды өркендетуге арналған бағдарламаларды барынша зерделеу ауылдық округ әкімдерінің жұмысына өлшем болады. Олар өзі басқаратын елді мекенде қандай кәсіптің көзін ашуға болатынын пайымдап, тұрғындар тұрмысын жақсартуға бағытталған тиімді жобалар ұсыну қажет.

Аймақ басшысы аудан әкіміне жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігін бақылауды да тапсырды.

Былтыр ауданға қарасты кент және ауылдық округтерде 72 қылмыс тіркеліп, оның 17-сі, немесе 24%-ы, биылғы қаңтар-сәуір айларында 37 қылмыс тіркеліп, оның 10-ы, яғни 27%-ы ашылмаған. Қылмыстарды ашу бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен аудандық полиция бөлімінің басшылығына ескерту жасалып, тиісті әрекеттерді қолға алу міндеті жүктелді.

Облыс әкімі жұмыс сапары кезінде аудан халқымен кездесіп, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдады.

Қабылдауға барлығы 60-тан астам азамат келіп, өтініш-тілектерін жеткізді. Аймақ басшысы қабылдауға келген кісілердің мәселесі бойынша жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берді. Әрбір сауалдың туындау себеп-салдарын мамандар жан-жақты зерттеп, жауабы нақтыланады. Шешімі заң аясында қарастырылады.

Құқық қорғау органдары басшыларының қабылдауына келген азаматтардың да мәселелері тыңдалды. Олардың әрқайсысына қойған сауалының заңдық негізі түсіндірілді.

Қабылдауға келген бір топ аналардың тұрғын үй мәселесі бойынша өтініштері оң шешім тапты. Олар жаңа кәсіп ашуға көмектескені үшін аймақ басшысына және аудан әкіміне алғыс білдірді. Сондай-ақ аудан тұрғыны Еркінбай Ақшабаев әлеуметтік осал топ санаты бойынша тұрғын үй кезегінде тұрғанын айтты. Облыс әкімі кезектілікті сақтай отырып, баспана алуға жәрдемдесетінін жеткізді.

*Елге сапар есеп үшін емес. Әрбір ауданның өзіне тән әрі барлығына ортақ маңызды мәселелер бар. Бұл тұрғыда облыс әкімінің сапары осы жолы да нәтижелі бола түсті. Бірқатар нысандардың іргесі қаланып, жаңасы пайдалануға берілді. Ал қоғамдық қабылдаулар көптің мұң-мұқтажын шешудің айқын алаңына айналуы билік пен халық арасындағы үндестікті көрсетеді.*

*Облыс әкімінің аудандарға жұмыс сапары жалғасады.*





Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ

**БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙ КҮНІ**

Ел тарихының құнды деректері мен ұлтымыздың сан ғасырлық тіршілік қалыбын айқындайтын жәдігерлер музейлер қорында сақталған. Байыптап қарасаң, әрбір бұйым өз алдына сыр шертеді. Мамыр айының 18-і – Халықаралық музей күні. Осыған орай облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаевпен сұхбат әзірлеген едік.

# САН ҒАСЫРДЫҢ СЫРЫН ТҮЙГЕН

**– Сапар Әлиасқарұлы, төл мереке құтты болсын! Жалпы облыста қанша музей бар? Биыл жұмыс барысында қандай тақырыптар қамтылды?**

– Облыс бойынша барлығы 14 музей халыққа қызмет көрсетеді. Олардың жалпы қорында 156140, ал облыстық музейде 65430 экспонат бар. Осы жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында қор 1178, оның ішінде облыстық музей 534 экспонатпен толықты. Сонымен қатар, музейлерде экскурсиялар, лекциялар, көрмелер ұйымдастырылады. Келушілер саны да өсіп келеді.

Биылғы іс-шаралар Қызылорда облысының 85 жылдығына орай «Музей энциклопедиясы», «Тарих көмбесі», «Тұлғатану», «Бір әулеттің тарихы» атты жобалардан бастау алды. «Ұлттық рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыс музейлері бойынша «Жәдігерде бір сыр бар», «Тарихтағы сандар», «Музей энциклопедиясы», «Музей радиосы», «Жас өлкетанушы», «Құнды жәдігер», «Жәдігербаян», «Музей Тур» жобалары жүзеге асуда.

**– Осы орайда жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобалар жайлы тарқатып айтып берсеңіз...**

– Облыстық музейде бірнеше ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 2021 жылдан «Qyzylorda» телеарнасымен бірлескен «Құнды жәдігер», «Шалқар» ұлттық арнасында «Музей радиосы» жобалары жүзеге асырылып келеді. Осыған дейін «Құнды жәдігер» жобасы бойынша 20-дан астам тарихи-танымдық фильмдер насихатталса, «Музей радиосы» жобасы аясында белгілі тұлғалармен арнайы сұхбаттар халық назарына ұсынылды. Сонымен бірге, жобалардың нәтижесі республикалық «Egemen Qazaqstan», облыстық «Сыр бойы», «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланып келеді.

Бұдан бөлек, былтырдан бастап «Сыр өңірі бойынша далалық экспедиция және эмпирикалық зерттеулер» ғылыми жобасы шеңберінде Сыр бойындағы ұсталар және ұстаханалар зерттеліп, нәтижесінде музей қоры этнографиялық экспонаттармен толықтырылды.

Биыл музей қызметкерлері тарапынан «Сыр бойындағы діни-ағартушылар мұрасын кешенді зерттеу» жобасы басталды. Атақты Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадірұлы (1848-1921 жж.) мен Марал ишан ұрпағы Әмит ишан Әбдірахманұлының (1905-1961 жж.) пайдаланған араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған кітаптарының мазмұны аударылып, 8 кітаптың электронды көшірмесі алынды. Алдағы уақытта аталған жобалар жалғасын табады.

**– Биыл Сыр перзенті, көрнекті мемлекет қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығы халықаралық деңгейде аталып өтуде. Осынау тарихи датаға байланысты музей тарапынан қандай іс-шаралар атқарылып жатыр?**

– Мемлекет қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығына орай «Тарих. Тағдыр. Тұлға.» атты көрме ашылып, Астана қаласының Бірлескен музейлер дирекциясы, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі және «АЛЖИР» музейінің бірлесуімен «АЛЖИР» музейінде «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Онда ұлт қайраткерінің өміріне қатысты құнды деректер айтылды.

Тағы бір жаңалығымыз, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесінде Шымкент қаласында өткен республикалық этнофестивальде біздің қордан Сыр өңірінің тарихы, мәдениеті, өнері және облыста өндірілетін тауарлардан толық мәлімет беретін экспозициялық-композициялық көрме ұйымдастырылып, «Үздік киіз үй» номинациясымен марапатталды. Бұдан бөлек, ҚР Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитетімен /ЮНЕСКО/ бірлесе отырып, Наурыз мерекесі қарсаңында және Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияның 20 жылдығына орай балалар арасында «Алтын тақта» атты тоғызқұмалақ ұлттық ойынынан турнир ұйымдастырылды.

**– Биыл Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл. Тұранның төрі, Алаштың алғашқы астанасы болған аймағымыздың тарихында талай сыр жатқан болар?**

– Иә, әрине. Облыстың құрылғанына 85 жыл толуына орай Қарағанды, Атырау, Жамбыл, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейлері арасында көрме ұйымдастыру, тәжірибе алмасу бағытында арнайы меморандум жасалды. Бұл меморандум аясында Сыр өңірі тарихы мен мәдениетін, көненің көзіне айналған жәдігерлерімізді, киелі өлкеміздің мәдениеті мен рухани құндылықтарын Арқа жұртшылығына таныстыру, ұмыт қалып бара жатқан ата-бабамыздың көне, бай мұрасын жас ұрпаққа таныстыру, аманаттау бағытына назар аударылған. Осы орайда Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты көрме ұйымдастырылды. Онда мәдени құндылығы аса жоғары археологиялық артефактілер, бірнеше ғасырлық тарихы бар жәдігерлер, сан ғасырлар сынынан өтіп шыраған, қазақ халқының табиғи дарынымен өзектес, халық өмірімен, тұрмысымен бірге өсіп, біте қайнасып келген қолөнерінің әсем үлгі-нұсқалары, сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар Арқа жұртшылығының назарына ұсынылды.

«Қазанғап мұрасы – ұрпақ қазынасы» атты дәулескер күйшінің жанына серік болған домбырасының көшірмесін музей қорына қабылдау рәсімі өтті. Бабадан қалған жауһар жәдігерді жаңғыртып, ел игілігі үшін табыстаушы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жыршы, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің директоры Ұлжан Байбосынова домбыраны салтанатты түрде табыс етті.

Ал 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың Ақтөбе облыстық мемориалдық музейі қорының «Ақтөбелік ұлт мақтаныштары» атты жылжымалы көрмесі ашылды. Көрмеге қазақтың қайсар қызы Әлия Молдағұлованың өмірі мен ерлік жолы көрсетілген құнды материалдар, әскери киімдер, соғыс кезеңінде пайдаланған қару түрлері қойылды.

С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында Қазақстан Суретшілер және Қолөнершілер одағының мүшесі, ұста, зергер Бекзат Жақыповтың «Құсқанат ғұмыр» және галерея қорындағы туындылардан жасақталған «Ұлы дала тарихы» атты көрмесі, жергілікті қолөнер шебері Пахриддин Садықовтың «Қолөнерден өнеркәсіпке» атты көрмесі, ҚР Суретшілер және Қолөнершілер одағының мүшесі Ұлмекен Маутованың «Көңілдегі керуен», ҚР Суретшілер одағының мүшесі Әбілда Абызбековтың «Дала үні», ҚР Суретшілер және Журналистер одағының мүшесі Көлбай Әбілханұлының «Толқынды Арал» атты шығармашылық көрмелері ҚР Суретшілер одағының құрылғанына 90 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Осындай көрермен сұранысына сай іс-шаралар жыл бойы атқарылатын болады.

**– Сұхбатыңызға рахмет! Мереке құтты болсын!**

Сұхбаттасқан
**Ғазиза ӘБІЛДА,**
**«Сыр бойы»**

## Көрнекті жазушы, қазақ детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылатын «КЕМЕЛ ҚАЛАМГЕР» республикалық шығармашылық байқауы туралы хабарлама

Көрнекті жазушы, қазақ детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойына орай «Кемел қаламгер» атты республикалық шығармашылық байқауы жарияланды.

Детектив жанрында және құқық тақырыбында жазатын отандық авторлардың шығармаларын қолдау мақсатында ұйымдастырылып отырған байқауға төмендегі номинациялар бойынша жұмыстар қабылданады:

1) Детектив жанрындағы әдеби шығарма/эссе;

2) құқық тақырыбында жазылған сараптамалық мақала/зерттеулер.

Байқауға бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған жұмыстар қатыса алады.

Өтінімдерді қабылдау 2023 жылғы 22 мамырдан 22 тамыз аралығында жүргізіледі.

Байқаудың ережесі туралы ақпарат Telegram қосымшасындағы «Кемел қаламгер байқауы» каналында (https://t.me/kemel_qalamger) орналасқан.

Байқау жұмыстары kemel.qalamger@gmail.com электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Байқауды ұйымдастырушы: «Кемел Тоқаев атындағы Қайырымдылық қоры»

# БӘСІ БИІК БІЛІМ БӘЙГЕСІ



– Білім бәйгесі жас математик мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен білім алушылардың қабілетін дамытуға бағытталды. Бұл байқау 2014-2018 жылдар аралығында Қызылорда қаласының жас математиктері арасында өткізіліп келген. Ал 2019 жылы тұңғыш рет халықаралық деңгейде ұйымдастырылды. Биыл облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен байқауға қатысушылар саны артты.

Сыр елі – тек қасиетті өнердің ғана емес білімділердің де ордасы. Халықаралық олимпиада нағыз математиктерді анықтауға және жас ғалымдардың атын шығаруға үлкен мүмкіндік.

Білімділер додасында 7 күрделі есеп болды. Берілген есептер тек осы байқауға арнайы дайындалған. Сондай-ақ, биылғы байқаудың бір ерекшілігі – қатысушыларға өзім ойластырған бір есепті тапсырма етіп бердім, – деді Асқар Серкұлұлы.

Физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстан математика пәні мұғалімдер қауымдастығының президенті, Халықаралық О.Жәутіков олимпиадасының негізін қалаушы Қайрош Мақышов халықаралық байқау туралы өз пікірін білдірді.

– Өздеріңіз білетіндей, жалпы жаратылыстану бағыты өте күрделі. Оның ішінде математика бағытын кез келген білім алушы терең меңгеріп, күрделі есептерді шығара алмайды. Математиканы жақсы меңгеру үшін ой ұшқырлығын, логикалық қабілетті дамыту керек. Сондықтан халықаралық байқауға еліміз бен көршілес мемлекеттерде өз білімімен көзге түскен жастар ғана қатысты, – деді Қайрош Бексейітұлы.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының әлеуметтік тапсырысы аясында «JAS-TAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен қатысушылар құрамын сапалы іріктеу және тапсырмаларды жоғары дәрежелі мамандарға әзірлету үшін Математика пәні мұғалімдерінің қазақстандық қауымдастығы республикалық қоғамдық бірлестігімен алдын ала бірлескен жұмыстар жүргізілген. Байқаудың комиссия құрамына еліміздің және көршілес мемлекеттердің ең мықты мамандары тартылған.

Халықаралық олимпиада барысында басқа аймақтардан келген жастар мәдени-көпшілік шараларға қатысып, қаланың тарихи және әсем жерлеріне экскурсия жасады.

Сонымен қатар байқау бағдарламасына сәйкес академик А.Жұмаділдаев жарысқа қатысушыларға және Қызылорда қаласындағы оқу орындарының студенттері мен математика пәні мұғалімдеріне арналған ғылыми тереңдетілген лекциясын өткізді. Оған 450-ден аса жас математик қатысты.

Байқаудың жалпы жүлде қоры – 3 млн 600 мың теңге. Салтанатты шарада айтулы доданың жеңімпаздары жарияланып, басты ұтыс 1 миллион теңге қаржылай сыйлықты алматылық Қуаныш Жолдасов иеленді. II орын иегерлері алматылық Нұрбек Күнгожин мен қызылордалық Сәбит Бәймен 500 мың теңгеге, III орын иегерлері Астана қаласынан келген Исатай Ақылбек пен тараздық Бауыржан Кеңесов 300 мың теңгені еншіледі. Сондай-ақ, белсенділік танытқан 10 қатысушыға 100 мың теңгеден ынталандыру сыйлығы табысталды.

Халықаралық байқауға қатысушылар бұл білім бәйгесін дәстүрге айналдыру қажеттігін айтып, шараның ұйымдастырылуы мен ерекше форматына ризашылықтарын білдірді.

1-бет

**БРИФИНГ**

## ЦИФРЛЫҚ ТЕЛЕВИЗИЯ ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН

Былтыр аймақта телерадио хабарларын таратуда жаңа өзгеріс, яғни, аналогты телевизияны өшіре отырып, цифрлық эфирлік телевизияға көшу жұмыстары жүргізілген болатын. Бүгінде бұл меже 80 пайызға орындалып отыр. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров айтты.

– ЦЭТВ – әлеуметтік жоба. Алғаш рет Қызылорда қаласы және оған жақын орналасқан 36 елді мекенді қамтыған цифрлық эфирлік телевизия жүйесі Қызылорда радиотелевизиялық стансасында 2013 жылы іске қосылды. Бүгінде өңірдің 174 елді мекенінің 550 мыңнан астам тұрғыны, яғни, 80%-ы аталған қызметпен қамтылды, – деді ол.

Бүгінде эфирлік телерадио хабарымен үздіксіз қамтамасыз ететін «Қазтелерадио» АҚ облыстық филиалы шалғай орналасқан елді мекендерді цифрлық телехабар жүйесімен сапалы қамтуда ауқымды жұмыстар атқарып келеді.

– «Қазтелерадио» АҚ облыстық филиалында телевизиялық және радиохабар тарату құрылғыларына алғашқы жаңғырту 2002-2003 жылдары жасалды. Одан кейін 2004-2009 жылдары «Ауыл» бағдарламасының арқасында желінің сапасы жақсарды, – деді «Қазтелерадио» АҚ ОРТД басшысының орынбасары Өмірхан Жалмағанбетов.

Айтпақшы ЦЭТВ-ға толық көшу процесі 2025 жылға дейін жүзеге асырылады.

**«СБ» ақпарат**

## Хабарландыру

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылдың 10 мамырдағы ұйғарымымен «Нұр-Талап и К» ЖШС-на (БСН 060540008995) оңалту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

**Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.**

## Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Алменбетов Айтбай Алимжанович (лицензия №13002793 26.02.2013 ж.) 2023 жылдың 2 наурызында қайтыс болған азамат Бексеитов Муслим Орынбаевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №17 А үй, тел.: 30-25-32, 8 778 202 01 44, 8 705 966 09 40.**

# АҚШ-тағы банктер дағдарысының Қазақстан экономикасына әсері қандай?

Қазіргі жағдайда АҚШ-тың мемлекеттік қарызы 31 трлн доллардан асып, жалпы ішкі өнімнің 136 пайызын құрап отыр. Осыған байланысты АҚШ-тың қаржы министрі Джанет Йеллен АҚШ үкіметі қарыз шегін ұлғайтпаса, дефолт қаупі төніп тұрғанын айтты. Қарыз шегін ұлғайту үшін Конгресстің мақұлдауы қажет. 1960 жылдан бері Конгресс қарыз шегін өзгерту бойынша 78 рет заңға өзгеріс енгізген екен. Сондықтан, АҚШ дефолтқа ұшырамайды деген болжам айтушылар көп. Бірақ үнемі өсіп келе жатқан мемлекеттік қарыз болашақта елдегі күрделі экономикалық қиындықтарға себеп болары анық.

АҚШ-тың әлемдік имиджі өте жақсы болғандықтан, инвесторлар қарыз беруге қашанда дайын. Мемлекеттік қарыздың жақсы жағы қарызға алынған қаражат дұрыс пайдаланылса, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартады. Жаңа жолдар салынады, білім саласы жақсарады, жалпы елдегі сұраныс күшін арттырып, экономиканың өсуіне ықпал етеді.

Дүниежүзілік банк мемлекеттік қарыздың көлемі ЖІӨ-нің 77 пайызынан асса, қауіпті деп санайды. Өйткені, елдің дефолтқа ұшырау қаупі артады. Бірақ, кей экономистердің айтуынша, дамыған ел үшін бұл аса қауіпті емес. Себебі экономикасы тұрақты Жапонияның мемлекеттік қарызы жалпы ішкі өнімнің 257 пайызын құрайды. Дегенмен, экономикасы толық дамымаған елдер үшін мемлекеттік қарыз көлемінің артуы қауіпті.

Бұл ретте, мемлекеттің төлем қабілетсіздігі оның халқының өмірін нашарлатады. Дефолт жағдайында несиелер қымбаттап, бизнес пен халық үшін қолжетімсіз болады. Елде жұмыссыздық та өсуі мүмкін. Мерзімі өткен несиелердің ұлғаю қаупі бар. Тіпті, әлеуметтік шығындарды төлеуде мәселелер туындап, қоғамның мұқтаж топтарына берілетін жәрдемақылар тоқтатылуы мүмкін.

Қазір АҚШ банктерінде болып жатқан жағдайды банк жүйесіне деген сенім дағдарысы деп атауға болады. Оған пайыздық мөлшерлеменің өсуі, қор нарығының құлдырауы және негізінен алдағы рецессия себеп болды. Американдық сарапшылардың, қаржыгерлер мен экономистердің айтуынша, 300-ге жуық банк тәуекелге ұшырайды. Олардың басым бөлігі – шағын және орта бизнесті несиелеумен айналысатын аймақтық банктер.

Дағдарыс одан әрі күшейе берсе, Американың қаржы секторындағы проблемаларды бүкіл әлем сезінеді. Банк дағдарысы өршіген сайын ол қор биржаларына көшеді. Инвесторлар арасында дүрбелең басталады. Одан кейін нарықтар мен бағалы қағаздар құлдырайды.

Бірқатар қазақстандық сарапшылар, әлемдік қор нарықтары бір-бірімен тығыз интеграцияланғандықтан, құлдырау барлық жерде, соның ішінде Қазақстанда да болады деген пікірде. Әртараптандырылған портфелі және жеткілікті кірісі бар банктер дағдарыстан көп зардап шекпейді. Қазақстанда мұндай банктер бар. Бірақ шағын банктер банкротқа ұшыраған американдық қаржы институттарының жағдайын қайталауы мүмкін.

Сарапшылар АҚШ банктерінде жаңа проблемалардың туындауы дағдарыстың бүкіл әлемдік банк жүйесіне, соның ішінде Қазақстанға да таралуына әкеп соғады деп болжайды. Қазақстан экономикасы ашық және шикізат экспортына тәуелді шағын жаһандық экономика болғандықтан, әлемдік мәселелер тез арада біздің еліміздің мәселесіне айналады. Сонымен қатар, банк секторындағы жаһандық мәселелер екінші деңгейлі банктердің инвестициялау тәуекелдерін арттырып, олардың бағалы қағаздары арзандайды.

Дегенмен, қазіргі таңда еліміздегі банктер әлдеқайда табысты. Сала көшбасшылары тек несие берумен шектелмей, төлемдерден, электрондық коммерциядан, сақтандырудан және инвестициялардан кіріс алатын толыққанды экожүйелер құрған. Сондықтан қазақстандық ірі банктер айтарлықтай тұрақты. Шағын банктер үшін проблемалар туындауы мүмкін, бірақ бұл қалыпты процесс. Банк секторында бұл үрдіс арқылы банктер саны азайып, қалған банктер бірігеді.

Ал АҚШ-тың жаһандық экономикадағы рөлін ескерсек, дефолт жаһандық тәуекелдерге әкелуі ықтимал. Дегенмен, кейбір сарапшылар әлем экономикасы АҚШ-тағы жағдайға қарағанда, Ресей-Украина соғысынан болып жатқан экономикалық кризистерден көбірек зардап шегуде деген пікірде. Яғни, АҚШ-тағы банктер дағдарысы Қазақстан экономикасына үлкен соққы болмайды. Оған қоса, АҚШ өзінің 250 жылдық тарихында ешқашан дефолтқа жол берген емес.

1-бет

# "Құрметті профессор" атағы берілді



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ғылыми кеңесінің шешімімен ҚР Мәдениет қайраткері, жазушы Бегімбай Ұзақбаевқа университеттің «Құрметті профессоры» атағы берілді.

Ғылыми кеңесте басқарма төрағасы – ректор Бейбітқүл Кәрімова жазушының ел дамуы жолында үлкен еңбек сіңіргенін атап өтті.

Бегімбай Ұзақбаев – Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, Жалаңтөс баһадүр атындағы республикалық қор төрағасының орынбасары, Арал және Қазалы аудандарының Құрметті азаматы. Қаламгер бірнеше рет Мемлекет басшысының Алғыс хатымен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Оның қаламынан «Қарабура», «Сопы Әзиз пір», «Марал баба», «Сартай батыр», «Байқазақ», «Алдаспандар рухы» атты тарихи романдар туған. «Тағдыр», «Сырлы сезім», «Бұтақтан өрген бәйтерек», «Шырағың сөнбесін», «Сырымды саған айтам», «Қилы заман-ай», «Шығар күннің шуағы» атты повестері мен әңгімелер жинақтары жарық көрген.

Бегімбай Ұзақбаев – 18 прозалық кітаптың авторы, 26 повесі мен 80-нен астам әңгімесі кітаптарда жарық көрген.

**«СБ» ақпарат**

Өркениет өмірдің барлық саласына дендеген заманда адам баласы ең қарапайым өмір талабы өз өзін танудан қағажу қала бастайтын секілді. Қоғамның қалыптасу жолын оқып-тоқымаған «дайын асқа тік қасық» ұрпақтың өсіп-жетілу қаупі де бар.

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»**

# Өмірдің бақыты өткеннің құнында

Осы бір шатқалдан шығаратын күш өткеніміздің бейнесіне байыппен қарау, олардың өнеге-ғибратын санаға сіңіру болмақ.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада өткен өлкетанушы Тұрмағамбет Асановтың «Өмір-керуен» атты кітабының тұсаукесер рәсімі дәл осындай ойларды қозғады.

Ұзақ жылдар өлке тарихын зерттеумен айналысып келе жатқан қазір сексеннің сеңгіріндегі ағамыз Тұрмағамбет Асанов Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисеновтің өмір жолы жайлы «Өнегелі өмір» атты туындысынан кейін «Өмір-өзен», «Сырдан ұшқан сұңқар», «Ұрпаққа ұрпақ жалғасып», «Адам бір көшкен керуен» сынды бірнеше кітабын жарыққа шығарды. Бұған қоса, кеудесі сырға толы шежірешінің «Керейт ата ұрпақтары», «Көшеней керейт» деп аталатын еңбектері де бар.

Жазушының өз өміріне қоса 57 жыл отасып келе жатқан жан серігі, ардақты ұстаз Мулиянова Күләш апайымыздың өмірдерегінен басталатын 29 баспа табақтан құралған бұл жинақтың өскелең ұрпаққа беретін тәлімі мол, танымы терең дүние.

Бұл жайында сөз алған профессор Қазыбай Құдайбергенов, ардагер-ұстаз Жолдыбай Нұрымжанов, облыстық білім саласы қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Гүлнәр Есқалиева, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда агротехникалық жоғары колледжінің директоры Бақытхан Әбдікәрімов, басқа да кісілер жан-жақты баян етті.

Ал, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Қылышбай Бисенов ғибратты кітаптың мазмұны туралы былай дейді.

«...Оны ағаның естеліктерінде баяндаған оқиғаларын оқи отырып, тәнті боласың. Сеялкаларды дұрыс себу нормасына қою, егін алқабында тұралап қалған, ешкім жылжыта алмаған тракторды шеберлікпен, біліктілікпен орнынан қозғап, жүргізу, моторы кеткен бульдозерді екі-үш күн жөндеудің орнына 5-6 сағатта жөндеп, іске қосу, бұзылған техникаларды түнімен сабан жағып, соның жарығымен жөндеп, жұмысқа дайындау, облыста бірінші болып бригадалар, өндіріс бөлімшелері арасында рациялық байланыс, диспетчерлік жүйе енгізу, ізденіп жүріп, сонау Қиыр Шығыстан – Петропавловск Камчаткадан өзімізде жоқ, қажетті бөлшектер тауып, алып келу, тағысын тағылар сияқты атқарылған жұмыстарды оқып отырып, қызығасың, риза боласың, тамсанасың. Өз ісіне деген неткен адалдық, берілгендік, тіпті жанкештілік дейсің. Ағаның сол кездегі тағы бір жаңашылдығын қалай айтпассың?! Кеңшарда механизаторлық курс ашылып, оған қыздар оқуға тартылады. «Қыздар – тракторға!» деген облыстық қозғалыстың көшбасында Тұрмағамбет аға тұрады. Оның осындай ізденімпаз, игілікті істері, жұмыс тәжірибесі кеңінен насихатталып, кеңшарда бірнеше рет облыстық семинар-кеңестер өткізіліп, облыстық газеттерде жарияланады. «Жаңаталап» кеңшары облыста, республикада, Одақта атағы шыққан алдыңғы қатарлы шаруашылыққа айналады».

Академик-оқырманның аз сөзі еңбек адамының болмысын танудың үлкен бақыт екенін мегзейді.

Ақиқатында, адам бақыты өткенін тану арқылы қонып, алға жетелейді.

«Өмір-керуен» – көзі тірілерді дәріптеумен шектелмей, бүгінгі бейбіт өмірге жеткізгендерді де ұмытпауға, оларды ұлықтауға, сол арқылы адамгершіліктің тепе-теңдігін сақтауға шақырған шынайы шығарма есебінде құнды.

ҚҰНДЫЛЫҚ




# ӘН КЕШІ ЕМЕС, ӘҢГІМЕ КЕШІ

Қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтары қағажу көріп отырған батыстық өркениет үдерісінде ел мұрасын жаңа биікке көтеру – баршамыз үшін қасиетті парыз.

Бүгінгі күні ұлттық кодқа, ұлы санаға оралып, халқымыздың қазынасын жарқырата көрсетіп жүрген сондай өнер тұлғалары да жоқ емес. Сол қатардың алдыңғы сапында келе жатқан белгілі жазушы-этнограф, мәдениеттанушы, ақын, Астанадағы «Шабыт» университетінің ұстазы Ұларбек Нұрғалымұлы.

Ұларбектің «Абай жолы», «Ахмет. Ұлт ұстазы», «Оян, қазақ» сынды тарихи сериалдарының сценарийін жазып, өз замандастарының отангерлік рухын оятқан ерен еңбегі бір бөлек сөз.

Қаламмен ғана емес, жүрек қылымен жаза білу – нағыз шеберлер ісі. Ұларбектің қаламынан туған «Дайағашшы» кітабының 8 рет басылып шығуы да оның дара дарынын танытады.

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық театрында Ұларбек Нұрғалымұлының қатысуымен «Қоңыр әңгіме» аталатын рухани кеш болып өтті.

Ән кеші емес, әңгіме кеші деген атаудың өзі құлаққа тосын естілгенмен, қазақы қоңыр әңгімеге сусап қалған қауым аз емес екен.

Кешті республикалық «Алтын домбыра» сыйлығының үш мәрте иегері, Н.Бекежанов театрының басшысы Мұхтар Ниязов жүргізіп отырды.

– Көпшілік көкезу әңгімеден жалыққан, көңіл қозғайтын әңгімелер азайып кетті. Қазақ – дастархан басында отырып-ақ даналық айтатын халық. Қазір осы дәстүрден ажырап бара жатырмыз, – деді кеш барысында Мұхтар Ниязов.

Расында, Ұ.Нұрғалымұлы айтқан әңгімелер көрерменнің көңілін қозғап, жұртшылық жыр тыңдағандай «бәрекеллелеп» отырды.

Кеш иесінің «Қар суымен кеткен ат» деген әңгімесі қазақтың кеңпейіл, жомарт бейнесін дәріптейді. Ал, «Қараманнан шыққан қайыршы» деп аталған әңгімесі халқымыздың «жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған» дейтін қасиетін паш етеді.

Жазушының бәрі әңгімешіл емес, айту шеберлігін, шешендік өнерді меңгере білген Ұларбек көрерменді кең тыныстатып, қошеметке бөленді. Әңгіме арасында жыршы-термешілер өнеріне де кезек берілді.

– Біз бұл жобаны мәдениет және спорт басқармасымен бірлесіп ұйымдастырдық. Ұлттың иммунитетін көтеретін тың дүниелерді халыққа тарту ету қашан да қолдау табады. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы барлық салаға серпін бергені секілді руханият бастамаларына да баса көңіл бөліп келеді. Сондықтан бұл жоба алдағы уақытта жалғасын табады, – деді М.Ниязов кеш қорытындысында.

Облыс орталығынан соң рухани кеш Жалағаш пен Сырдария ауданында жалғасты.

Аудан басшылары жаңалықты қолдап, қарапайым жұртшылық қоңыр әңгімеге ыстық ықылас танытты.

**«СБ» ақпарат**

АЙБЫН



# Ұяда көргенін ұшқанда ілген

Қазақ айтатын «Отан отбасынан басталады» деген сөз бекер емес. Бұл – адам үшін өмірдегі басты құндылық, қасиетті мекен. Адамға тәрбие беріп, дұрыс жолға бағыттайтын, өсіп-өркендеуінің алғашқы баспалдағын салатын, тұлға етіп қалыптастыратын орны бөлек институт.

Сөзімізді отбасы құндылықтарынан бастау себебіміз, әскерде қатар қызмет етіп жүрген отбасылардың бірі туралы әңгіме қозғамақпыз. Бұл – Қызылорда қаласындағы 5547 әскери бөлімінде қызмет етіп жатқан Беркеновтер отбасы. Әскери отбасының отағасы Жасұлан Беркенов аталған әскери бөлімнің жедел мақсаттағы батальон командирі лауазымында қызмет атқарған. Қазір Астана қаласындағы Ұлттық Қорғаныс университетінде білімін шыңдауда, шені – майор. Ал оның жұбайы, ефрейтор Мәдина Беркенова қаржы қызметінің аға маман-есепшісі. Екеуі де – Түркістан облысының тумасы.

Жасұлан мен Мәдинаның Ұлттық ұлан сапына келуі бекер емес. Екеуінің де әкесі – ішкі әскерде қызмет еткен офицерлер, бүгінде құрметті демалыстағы ардагерлер. Жасұлан Нұрланұлының әкесі капитан Нұрлан Беркенов осы 5547 әскери бөлімде қызмет атқарып, зейнетке шыққан. Әкесінің «Сенің қолыңнан бәрі келеді» деген сөзі Жасұланды әрдайым қанаттандырып отырады. Ал Мәдинаның әкесі подполковник Сүндет Әбдиев 6506 әскери бөлімі штаб бастығының орынбасары лауазымынан зейнетке шыққан. Мәдина мен оның бауырлары нағыз қамқор әкенің аялы алақанында өсті. Екі отбасының да анасы отбасы жылуын сақтап, әскери қызметтегі ер-азаматына сүйеу болды, балаларына жақсы тәрбие берді. Бүгінде жайқалған мәуелі бәйтеректей балаларының ортасында бақытты ғұмыр кешуде. Екі отбасының құда-жекжаттық сыйластығы да – айналасына өнеге. Тағы бір айта кетерлігі, екі отбасының тірегі болып отырған асқар тау әкелері – Тәжік-ауған соғысының ардагерлері.

Майор Жасұлан Беркеновтің әскердегі қызметі 2007 жылы Петропавл қаласындағы Ішкі әскердің әскери институтына түскен кезден басталған. 2011 жылы ішкі әскердің командалық-тактикалық мамандығын алып шыққан жас түлекті Қызылорда қаласында жаңадан ашылып, қалыптаса бастаған 5547 әскери бөліміне алғашқы офицерлік қызметін бастауға жібереді. Жедел мақсаттағы ротаның взвод командирі лауазымынан қызметін бастаған Жасұлан Нұрланұлы әрі қарай сол бөлімдегі атқыштар ротасының взвод командирі болады. Жедел мақсаттағы рота мен атқыштар ротасының командирі лауазымдарынан да өткен офицердің тәжірибесі молайып, шеберлігі шыңдала түсті. Екі бағыттағы қызметті қатар бағындырып, аралас қызмет атқаратын полктің міндеттерін бірдей меңгеріп келе жатқан офицер болашағынан үміт күттірер мамандардың алды бола бастайды. Оны қолбасшылық та дер кезінде байқап, Жасұлан Нұрланұлын келесі лауазым баспалдағына, яғни жедел мақсаттағы батальон командирінің орынбасары-штаб бастығы етіп тағайындады. Сенімге селкеу түсірмеген офицер екі жылға жуық уақыт бойы осы бөлімнің жедел мақсаттағы батальонын басқарып, командирдің қиын да күрделі міндеттерін абыроймен атқарды. 2021 жылы тірлігіне тыңғылықты, сертіне адал офицер қолбасшылықтың қолдауымен Ұлттық Қорғаныс университетіне оқуға түсті. Екі жыл бойы білім нәрімен сусындаған майор Жасұлан Беркенов санаулы күннен кейін әскери білім ордасын тәмамдағалы отыр. Ширап-шынығып, әбден ысылған, тәжірибе жинақтаған сардар алдағы құқықтық тәртіп әскеріндегі қызметін абыроймен атқарары сөзсіз.

– Осы жолды таңдағаныма ешқашан өкінбеймін. Мен әкемнің жолын жалғастырушымын. Жалпы өмірде адамдардың имандылығын, ұқыптылығын бағалаймын. Сатқындықты ұнатпаймын, ондай адамдар жолықпаса екен деймін. Менің өмірлік ұстанымым «Тек қана алға, артқа жол жоқ!» – дейді майор.

Ал отанасы Мәдина Сүндетқызына келер болсақ, ол мектептен кейін «Болашақ» колледжінен экономист мамандығын алды. Қазақстандық инженерлік-педагогикалық Халықтар достығы университетінің де экономика факультетін тәмамдап, 2015 жылы жоғары білімді маман болып шықты. Қазір мамандығы бойынша әскердегі есеп-қисап бағытында қызмет етуде.

Мәдина Сүндетқызы әйел адамның отбасы мен әскери қызметті қатар алып жүру мүмкіндігін былай деп топшылайды:

– Ерлермен бірге әскерде қызмет ету оңай деп айта алмаймын. Жалпы әйел заты отбасына қалай көңіл бөлсе, жұмысына дәл солай тиянақты болады. Олар бәріне де үлгеруге тырысады, бала тәрбиесіне, үйдің тірлігіне, тұрмыс қажетіне және қызметінен де қалмай, еңбек етуге уақыт табады. Ал осындай қызмет пен отбасын қатар алып жүрген әйелдерге жақындарының тарапынан қолдау мен көмек көрсетіліп жатса, қанекей?!

Беркеновтер отбасында үш перзент дүниеге келіп, көз қуанышы болып өсіп келеді. Тәрбиенің алдымен отбасынан басталатынын жақсы түсінетін жас ата-ана оған аса мән береді. Олар балалары үшін жақсы ұстаз болуды көздейді, сол үшін де өзара қарым-қатынастың кіршіксіз болуына мұқият қарайды. Перзенттерінің бойына адамдық, әдептілік, имандылық, шыншылдық сияқты қасиеттерді сіңіруге тырысады. Өйткені өздері де осы қасиеттерді қадірлейтін ортадан шыққан. Екеуі бірі білгенін екіншісіне үйретіп, отбасы болып шыңдалып, қызметтің ыстық-суығын тең өткеріп келе жатқан жайы бар.

Қызметтен кейін балабақша мен мектепке асығып, егіз қыздары Анель және Жанель, ерке ұлдары Нұржігітпен сағыныса қауышады. Сыйластық пен түсіністік, махаббат пен сүйіспеншілік патшалық құрған бұл отбасының болашағы алда, олар бірлесіп жүріп, әлі талай асуларды бағындырады.

Әкеден бастау алған әскери саладағы қызметті бүгінде балаларының жалғауы – ата жолын қуғаны, сүрлеу-соқпақтың даңғыл жолға айналғаны емес пе? Әскерилер әулетіндегі жандардың еңбек өтілін есептесек, 75 жылдан асып жығылады екен. Бұл дегеніміз тұтас бір дәуір ғой...

**М.МЕРЕЙ**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 24281 Тапсырыс №777 Кезекші редактор **Аружан ЕРАЛЫ**